

№16.И.В.Панфилов атындағы жалпы орта мектеп

Кәсіптік мамандықтар сыр шертеді



2014-2015 оқу жылы



□ Мақсаты:

Оқушыларға мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері, классификациялық белгілері, мамандықтар тобы, кластары, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта - ықыласын арттыру.

Мамандық дегеніміз не?



- Білім алу, үйрену.*
- Адамды материалдық жағынан қамтамасыз ететін іс-әрекет түрі.*
- Адамның сол мамандыққа қабілетінің сай келуі, білгілі бір іскерліктердің болуы.*
- Мамандық дегеніміз- адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін материалдық не рухани өндірісте алған білімі мен өмірлік дағдысының жиынтығы.*



□ Мамандық таңдау - адам өміріндегі ең негізгі мәселе болып табылады. Себебі, қоғамға кемел де терең біліммен қаруланып ғылым мен техниканың сан қырлы тетігін меңгерген, бүкіл әлемдік құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ қажет.



*□ Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,
Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,
Үлкен болып қалу үшін ғаламда.
Үлкен арман керек екен адамға.*

Мұхтар Шаханов

Кім болам?



Мамандықтарға анықтама



□ I топ :

Гидролог – су кеңістігін және оның табиғаттағы қозғалысын зерттейтін маман.

Дирижёр – оркестр немесе хор топтарын, ұжымдарын басқаратын адам.

Режиссёр – театр мен киноларда қойылатын ойын-сауықтардың көркемдік жағын басқарушы.

□ II топ :

Зоотехник – мал өсіру маманы.

Лингвист – тіл заңдылықтарын зерттейтін маман.

Фельетонист – сықақ әдістерін пайдалана отырып, мақала жазатын адам.

□ III топ :

Дипломат – шет мемлекеттермен сыртқы қатынас ісін жүргізетін адам.

Логопед – тіл кемістігін, сақау, кекеш адамдарды емдейтін маман.

Агроном – егін шаруашылық маманы.

Сергіту сәті





□ I топ:

Суреттер бойынша әңгіме құрастыру

□ II топ:

Қандай мамандық түрлерін білесіңдер? Тізіп жазыңдар.

□ III топ:

Мамандыққа, еңбекке, жалқаулыққа байланысты қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?

□ **1.Қызығушылық қалай пайда болады?**

Қызығушылық - сол мамандықты ұнату

- ата-ана мамандығына еліктеу

- өмірге көзқарасының болуы

□ **2.Бейімділік дегенді қалай түсінесіңдер?**

Бейімділік - ата-ана жолын қуу

- орындау икемділігі

- мамандықты игеруге құштарлық

□ **3.Қабілет деген не?**

Қабілет - туа біткен талант

- өзіндік ізденіс

- үйренуге талпыну



Оқушыға мамандық таңдауда әсер ететін ең маңызды дәлелдер



Өз болашағыңды анықтауда мынадай ережелерді ұстан:

- *Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шетел тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игергенің аса пайдалы. Бұлардың кез-келгені мамандыққа қажет болары сөзсіз!*
- *Мүмкіндігінше өзің таңдаған мамандықтың өзіңнің денсаулық жағдайыңа тура келетін-келмейтіндігі жөнінде дәрігерден кеңес алғаның жөн.*
- *Мамандық таңдауда оның сырт келбетіне, көңілге қонымды жақтарына ғана назар аударудың қажеті жоқ, мүмкіндігінше қалаған мамандығыңның жұмыс мазмұны жөнінде көбірек білуге тырыс.*
- *Сән қуып мамандық таңдаудың қажеті жоқ. Сен оқуыңды тәмәмдағанша, ол мамандық сәннен шығып қалуы мүмкін*
- *Заманауи ағымға қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп қалады, сондықтан қосалқы таңдаған тағы бір мамандығың болуы тиіс.*
- *Өзіңмен алдын-ала психологиялық жұмыс жүргізбей-ақ, нық қадам жасай беруге болатын бірде-бір мамандықтың жоқ екенін есіңе сақта!*



Ертеңгі елдің иесі – бүгінгі ұрпақ!

Назарларыңызға
рахмет!

